

Майлықент ауылдық округі, Т.Рысқұлов ауылы, У.Досалиев көшесінде және У.Досалиев көшесіндегі № 40/А үйдің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Түлкібас ауданы Майлықент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 62 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 мамырда № 5623 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас ауданы Майлықент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 тамыздағы № 106 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас ауданы Майлықент ауылдық округі әкімінің 05.08.2020 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлееттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Түлкібас ауданы, Майлықент ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Құтыру ауруының шығуына байланысты Түлкібас ауданы, Майлықент ауылдық округі, Т.Рысқұлов ауылы, У.Досалиев көшесінде және У.Досалиев көшесіндегі № 40/А үйдің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлықент ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК